

Бельгия Корольдігінің Ханзадасы Филипптің Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2010 жылғы 8 қазандағы № 140-ө Өкімі

Бельгия Корольдігі Ханзадасының Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі 2010 жылғы 11 - 15 қазанда Астана және Алматы қалаларында Бельгия Корольдігі Ханзадасының Қазақстан Республикасына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша) қосымшаға сәйкес «1+10» форматы бойынша Бельгия Корольдігі ресми делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөнінде ұйымдастыру шараларын қабылдасын, сапарды өткізуге арналған шығыстарды 2010 жылға арналған республикалық бюджетте 001 «Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды адамдарының қызметін қамтамасыз ету» және 003 «Республикалық денгейде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы» бағдарламалары бойынша көзделген қаражат есебінен қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Бельгия Корольдігінің ресми делегациясы мүшелерінің Астана және Алматы қалаларының әуежайларындағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақты күзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген тәртіппен:

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, Бельгия Корольдігінің Ханзадасы арнайы ұшағының Қазақстан Республикасының аумағы үстінен ұшып өтуін, Астана және Алматы қалаларының әуежайларына қонуын және одан ұшып шығуын;

Астана және Алматы қалаларының әуежайларында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай қүюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат күралдарында жария етуді қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің атынан ресми түскі ас кезінде концерттік бағдарлама

Ұ Й Ы М Д А С Т Ы Р С Ы Н .

7. Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері Бельгия Корольдігінің ресми делегациясын Астана және Алматы қалаларының әуежайларында қарсы алу және шығарып салу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын, әуежай мен көшелерді безендіруді, болатын орындарда бірге жүруді, сондай-ақ мәдени бағдарлама ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

8. Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы (келісім бойынша) Астана және Алматы қалаларының әуежайларында Бельгия Корольдігінің Ханзадасын қарсы алу және шығарып салу ресми рәсімдеріне қатыссын.

9. Осы әкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

<i>Премьер-Министр</i> Қазақстан Премьер - Министрінің 2010 № жылғы 140-е көсімш	<i>K. Мәсімов</i> Республикасы қазандарғы 8 екімінде	Республикасы қазандарғы көсімш
---	--	--------------------------------------

Бельгия Корольдігінің ресми делегациясы мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары

1. Бельгия Корольдігі ресми делегациясының мүшелерін (1+10 форматы бойынша) және Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің қызметкерлерін Астана және Алматы қалаларының қонақ үйлеріне орналастыру.

2. Баспа өнімдерін (бейдждер, сапар бағдарламалары, автомобилдерге арнайы рүқсатнамалар, куверттік карталар, қабылдауға шақырулар) дайындау.

3. Бельгия Корольдігінің ресми делегациясын қарсы алу және шығарып салу кезінде Астана және Алматы қалаларының әуежайларында шай дастарханын ұйымдастыру.

4. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің атынан Астана қаласында Бельгия Корольдігінің Ханзадасы Филипптің құрметіне қабылдаулар (таңғы, тұскі, кешкі астар) ұйымдастыру.

5. Бельгия Корольдігі ресми делегациясының басшысы мен мүшелері үшін сыйлықтар мен кәдесыйлар сатып алу.

6. И-шаралар өтетін орындарды гүлмен безендіру.

7. Бельгия Корольдігі ресми делегациясының мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға көліктік қызмет көрсету.

8. Бельгия Корольдігі ресми делегациясының мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК